

Кәмелетке толмаған балаларды асырап-бағуға алимент ұсталатын жалақының және (немесе) өзге де кіріс түрлерінің тізбесін бекіту туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 15 мамырдағы № 622 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 2 сәуірдегі № 180 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.04.2015 № 180 қаулысымен.

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексінің 140-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған кәмелетке толмаған балаларды асырап-бағуға алимент ұсталатын жалақының және (немесе) өзге де кіріс түрлерінің тізбесі б е к і т і л с і н .

2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
Қазақстан	<i>К. Мәсімов</i>
Үкіметінің	Республикасы
2012 жылғы	15 мамырдағы
№ 622 қаулысымен	
бекітілген	

Кәмелетке толмаған балаларды асырап-бағуға алимент ұсталатын жалақының және (немесе) өзге де кіріс түрлерінің тізбесі

1. Кәмелетке толмаған балаларды асырап-бағуға алимент ұстау осы тізбенің 2-тармағында көрсетілген адамдардың кірістерін қоспағанда, ата-анасы алатын ақшалай (ұлттық және (немесе) шетелдік валютада) жалақының (ақшалай сыйақы) және өзге де кірістің барлық түрінен, оның ішінде:

1) қызметкерлерге нақты жұмыс істеген уақыты үшін немесе орындалған жұмыс үшін еңбекке ақы төлеу жүйесінде көзделген белгіленген лауазымдық жалақыларды (ставкаларды) негізге ала отырып есептелген жалақыдан;

2) еңбекке ақы төлеу жүйесінде көзделген қосымшаақылар мен

үстемеақылардың барлық түрінен, сондай-ақ еңбекке ақы төлеу қоры шегінде қаражатты немесе тиісті мекемені ұстауға көзделген қаражатты үнемдеу есебінен алынатын үстемеақылардан;

3) еңбекке ақы төлеу жүйесінде көзделген сыйлықтардан (сыйақылардан), сондай-ақ материалдық көтермелеудің өзге де нысандарынан;

4) «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 2 сәуірдегі Заңының 98-бабында көзделген өтемақыларды қоспағанда, ақшалай өтемақылардан;

5) демалыс уақытында сақталатын жалақыдан, сондай-ақ тек бірнеше жылғы демалыстарды қосқан жағдайда ғана пайдаланылмаған демалысқа төленетін ақшалай өтемақыдан;

6) комиссиялық сыйақыдан (штаттағы сақтандыру агенттеріне, штаттағы делдалдарға және басқаларға);

7) азаматтық заңнамаға сәйкес жасалатын және бір жолғы сипаттағы емес шарттар бойынша орындалған жұмыстар, ұсынылған қызметтер үшін алынған сомадан;

8) авторлық сыйақы сомасынан;

9) зейнетақы төлемдерінің барлық түрінен, «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 2 сәуірдегі Заңының 98-бабында көзделген жәрдемақыны қоспағанда, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыдан, атаулы әлеуметтік көмек сомасынан;

10) білім беру ұйымдарында оқитындарға төленетін стипендиялардан;

11) заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысудан түскен кірістен;

12) мүлікті жалға беруден түскен кірістен;

13) бағалы қағаздар бойынша түскен кірістен және заңды тұлғаның мүлкін басқаруға қатысудан түскен басқа да кірістен;

14) Семей ядролық полигонындағы ядролық сынақтардың әсеріне ұшыраған аумақтарда және Арал өңіріндегі экологиялық апат аймақтарында тұрғаны үшін заңнамалық актілерде белгіленген еңбекке қосымшаақыдан;

15) жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы берілген кезде қызметкерлерге төленетін сауықтыруға арналған жәрдемақыдан жүргізіледі.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 28.04.2014 № 407 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Әскери қызметшілерден, құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдардың қызметкерлерінен алимент ұстау қызметтік міндеттерін орындауға байланысты олар алатын төлемдердің мынадай түрлерінен:

1) лауазымдық жалақыдан, әскери, арнайы атақ бойынша берілетін жалақыдан, арнайы атақ немесе сыныптық шен үшін қосымшаақыдан және

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін үстеме ақыдан;

2) Семей ядролық полигонындағы ядролық сынақтардың әсеріне ұшыраған аумақтарда және Арал өңіріндегі экологиялық апат аймақтарында тұрғаны үшін заңнамалық актілерде белгіленген еңбекке қосымша ақыдан;

3) еңбекке ақы төлеу жүйесінде көзделген тұрақты және біржолғы сипаттағы және тиісті органды ұстауға көзделген қаражатты үнемдеу есебінен алынатын сыйлықтардан (сыйақылардан);

4) тиісті органды ұстауға көзделген қаражатты үнемдеу есебінен алынатын үстеме ақылар мен қосымша ақылар сомасынан;

5) мертліккен жағдайда төленетін бір жолғы өтемақыны, зиянды немесе қысылтаяң жағдайлардағы жұмыс үшін өтемақы төлемдерін, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар салдарын жою кезінде экологиялық әсерден зардап шеккендерге төленетін ақшалай соманы қоспағанда, ақшалай өтемақылардың барлық түрінен;

6) әскери-оқу орындары, арнайы оқу орындары курсанттарының (тыңдаушыларының) лауазымдық жалақысынан (стипендиясынан);

7) жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы берілген кездегі сауықтыруға арналған жәрдемақыдан жүргізіледі.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.09.14 N 1196; 28.04.2014 № 407 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

1 5

м а м ы р д а ғ ы

№

6 2 2

қ а у л ы с ы н а

қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. «Кәмелетке толмаған балаларға алимент ұстау жүргізілетін табыс және (немесе) өзге де кіріс түрлерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 шілдедегі № 776 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., № 22, 237-құжат).

2. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 маусымдағы № 662 қаулысымен (Қазақстан

Республикасының ПУАЖ-ы, 2005 ж., № 27, 341-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 7-тармағы.

3. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 шілдедегі № 776 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 29 желтоқсандағы № 1307 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2005 ж., № 50, 644-құжат).

4. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің өрт қауіпсіздігі саласындағы кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 18 қарашадағы № 1068 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2008 ж., № 43, 492-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің өрт қауіпсіздігі саласындағы кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 10-тармағы.

5. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 шілдедегі № 776 қаулысына толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 1 қыркүйектегі № 859 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2010 ж., № 50, 455-құжат).